«6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған
Токтарбекова Лаура Ниязбековнаның
«Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінде Қазақстан Республикасы дәстүрлі діни көпконфессиялық мемлекет болып табылады. Республикамыздың негізгі стратегиялық бағыты демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру. Конфессияаралық және этносаралық тыныштық сақтау мен нығайту мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі. Еліміздің әр аймағында әр түрлі мәдениет пен діни сенім-нанымдар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, еркін өмір сүруде. Қазақстан мәдениеті әрбір жаңашылдыққа ашықтығы мен толеранттығымен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік жаңғыру үдерісінің қалыпты жағдайда дамып, өркендеуіне оң әсерін тигізеді. Мәдени дәстүрдің саналуандығы өзара түсіністікті, төзімділікті, ортақ көзқарасты талап етеді, сонымен бірге әртүрлі конфессия өкілдерінің бір-бірінің діни құндылықтарын құрметтеп, діни сенімдеріне түсіністікпен қабылдауға шақырады.

Ислам бірнеше ғасырлар бұрын қазақ даласына келген ислам өзінің берік орнын тапқаны анық. Қазақтар ислам дінін жан-дүниесімен қабылдап қана қоймай, сондай-ақ оның ережелеріне сәйкес өмір сүрді. Ғасырлар бойы тығыз қарым-қатынастар нәтижесінде исламның көшпенді қазақ халқының руханиятына түбегейлі әсер етті. Ислам діні халқымыздың тұрмысы, өмір салты, сана-сезімімен біте қайнасып дамып, қазақ мәдениеті мен дәстүрінің діннмен біртұтастығын қалыптастырды. Қазақ дәстүрлері көбінесе діннен туындап, исламмен үндестік табады. Ал ислам дәстүрі өзінің икемділік, төзімділік және ықпалдастық сипаттарын арқасында әлемнің діни дәстүрлері арасындағы өзінің бірегейлігі мен ерекшеліктерін сақтап қалды. Ал зерттеу жұмысының концептуалдық бағыт-бағдары қазақ қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтар әлемін қалыптастырудағы ислам дәстүрінің феноменологиялық мәнін ашу мен оның қазіргі қазақстандық нақты дүниедегі мемлекет пен дін арасындағы және діни ағымдар арасындағы қарым-қатынастың қайтадан өзектенуімен түсіндіріледі.

Заманауи жаһандық даму үрдістерінің сұраныстарына сәйкес қазақстандық ғылымның да зерттеу алаңы кеңеюде. Сондықтан қазіргі Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігінде ислам тақырыбы өте өзекті.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші Лаура Токтарбекова диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай жеті ғылыми нәтижені көрсетеді.

Бірінші нәтижеде, дәстүрді діни-мәдени құбылыс ретінде олардың рухани жүйедегі өзарі бірін-бірі толықтырып отырушы қызметінде екені дәйектелген. Құндылықтық негіздеріне поляк ғалымы Шацкийдің, тарихи диалектикалық материализмде Маркстің «барлық өткен әулеттердің дәстүрі қазіргі ұрпақтарын қорқыныш үрейімен қыспаққа алады» деген қағидасына тоқталынған. Дәстүрді үйренетін емес, тек қабылдайтын қызметке жақтызуға болатынын Амеркандық мәдени антрополог Талал Асадтың пікірлерімен тұжырымдаған.

Екінші нәтижеде, христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүрдің күрделі құрылымдарын ибраихим діндеріне тән рухани құндылықтардың өзара әрекеттесіуі мен сұхбаттасуы ретінде қарарстырылған. Сонымен қатар, иахудийлердің тәурат пен Зәбурды мойындағанымен, інжіл мен құранды қабылдамайды деп көрсетілген. Христиан дінінің он екі сенім символын, «Жеті құпиясын» исламның алты иман шартымен салыстырмалы талдаулар жасалған.

Үшінші нәтижеде, ислам дәстүрінің феномендері мен жаңа мәдени-әлеуметтік парадигмалардың қалыптасуы ретінде канондары мен тұжырымдамалары зерделенген. Исламдық білімге негізделген қағидалардың тәрбиелік мәні құран, хадистер, мұсылман ойшылдары Ибн Сина, Насруддин Туси, Ибн Рушд, әл-Ғазали ғылыми-теориялық еңбектеріне негізделген. Ислам дәстүрі Аллаға деген сенім мен мінез-құлықтың ережелері, адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрін қалыптастыруға бағытталған нормалары байыпталып, ішкі біртұтастықтың бұзылуына себеп болатын детерминанттары айқындалған.

Төртінші нәтижеде, ислами бірегейлікті қалыптастырушы рухани-адамгершілік басымдықтар, құндылықтардың Жерорта теңізі, Кіші Азияда, Еуропа мен Азия, Африканың кейбір бөліктерінде таралуы оның қазіргі өркениеттің бір бөлігі ретінде танытады. Дегенмен, араб-мұсылман әлемі өзінің сан ғасырлық тарихы мен мәдениеті факторларының заманауи өмірмен өзара әрекеттесуін ізденуші күрделі әрі көп жағдайда үйлестірілмеген діни, саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық жүйелерімен қанықкан деп байқаған. Араб әлемі дамуының әр түрлі модельдерінің бірмәнсіздігі мен қарама-қайшылықтары соңғы жылдарғы зерттеулерде көрсетіліп жүргенін атап көрсетеді (57 бет).

Бесінші нәтиже, Батыс Еуропадағы ислам мен оның мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау қазіргі уақытта әлеуметтік институт ретінде өркениеттік бейімделу сипаттарымен сыни тұжырымдалып, оның кейбір сабақтастығындағы қайшылықты әрі үдерістегі жаңашыл ерекшеліктері қарастырылған. Ізденуші исламның саясаттанушылық келбетін қоғамдағы өзімшілдік психологиясының дүниетанымда үстемдік етуінде деп тапқан.

Алтыншы нәтиже, қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптығы қазақ халқының салт-дәстүрлерінің өзара сабақтастығында, халықтың көпішілігінң өзіні-өзі бірегейлендіру маркері ретінде табылған. Қазақстанда исламның таралуының ерекшелігі, оның рухани бейімделу қабілеттілігі, жергілікті салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа кірігу икемділігінде, халықтар мен мәдениеттердің универсалдық, гетерогендік өркениет қалыптастырғандығында екендігі ғалымдардың (Густав Грюнебаум) зерттеулері арқылы зерделенген.

Жетінші нәтижеде, ізденуші еліміздің жекелеген өңірлерінің ислам дәстүрлерін мұралау мен өркендету бағытындағы айрықша келбеттеріне мән бере отырып, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен төзімділікті арттыруда диалогтық сипаттың орын алатындығын, сонымен бірге ислам дәстүрі қоғамдағы руханилықтың, руханияттың тұрақты дамуының сындарлы факторларының бірі болып табылатындығымен дәлелдеген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда салыстырмалы түрде сараланған және толық қорытынды жасалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары тиянақты негізделген және шынайылық дәрежесі жоғары деп бағалаймын. Жиырма жылдан аса уақытта қазақстандық мәдени кеңістікте үлкен өзгерістер орын алды. Еліміздің тұрғындарының басым көпшілігі мұсылман дінін ұстанушы екені белгілі. Дегенмен Ата Заңымызда көрсетілгендей еліміз зайырлы мемлекет болып саналады. Ислам әлемінің үлкен географиялық аумақты қамтитынына қарамастан, ислам дінін ұстанушы барлық халықтар бірыңғай мәдени тұтастықты құрайды, сондықтан ислам мәдениеті мен дәстүрі туралы жалпы және жекелей дінтанушылық тұрғыдан талдаудың көкейтестілігі мен маңыздылығы күмән туғызбайды. Зерттеу нәтижесінде қалыптасқан тұжырымдамалар мен қорытындылар прагматикалық мақсаттардан туындап отыр.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Ізденушінің *бірінші, екінші, үшінші* ғылыми нәтижелері салыстырмалы тұрғыда жаңа болып табылады. Өйткені, діни дәстүрдің қоғамдағы және тарихи үдерістегі діни мәдениетті сақтаушы және сонымен қатар әлеуметте оны кеңінен таратушы қызметтері, тарихи-мәдени коммуникациясы мен конфессиялық бәсекелестігі, мұсылман дінінің догматтары мен канондары кеңінен зерделенген.

Төртінші және *бесінші* нәтижелер едәуір жаңа болып табылады. Себебі, ислам өмірінің өзіндік парадигмасын айқындайтын болмыстық негіздер көрсетіліп, рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі қоғамдағы

және тарихи эволюциядағы исламдық бірегейлікті қалыптастыру мәселелері талқыланған.

Алтыншы нәтижесі жаңа емес, себебі тараушада ислам дәстүрінің қазақ халқының салт-дәстүрлерімен өзара сабақтастығын бүгінгі қазақстанның мәдени өмірімен байланысты мысалдарда ашылмаған, мәселеден ауытқу бар: «қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-құрыптарының қайнар көзі ислам» деген қорытындымен шектелген.

Жетінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені ислам дәстүрі және оның қазіргі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі мен маңызы концептуалды тұрғыда диалогтық сипатқа ие екендігі анықталған. Сонымен қатар, ізденуші ислам дәстүрі қоғамдағы руханилықтың, руханияттың тұрақты дамуының сындарлы факторларының бірі деп қорытынды жасай бңлген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Ізденуші Лаура Токтарбекованың диссертациялық жұмысы барысында зерттеген «ислам дәстүрі» тұжырымы теориялық негізделген, практикалық маңыздылығы айқындалған. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелері Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігінде ислам дәстүріне философиялық-дінтану және мәдени-әлеуметтік талдау жүргізілуіне байланысты маңызды теориялық мәнге ие болады. Қазіргі заманғы Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі мен ислам мәдениетінің рөлін, зайырлы құндылықтармен интеграциялау мәселелерін терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы отандық дінтану саласындағы ислам дәстүрі, исламтану және дін саласындағы ҚР мемлекеттік саясаты мәселелері бойынша элективті курстарды әзірлеу кезінде қолдануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу жұмыстың нәтижелері **12 ғылыми мақалада** көрініс тапты: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған **арнайы журналдарда – 4;** шетелдік және отандық республикалық және халықаралық ғылыми **конференциялардың жинағында – 7;** Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес **импакт-факторы бар журналда – 1.**

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Л.Н.Токтарбекованың диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде жазылған. Соған қарамастан жұмыста бірқатар кемшіліктер кездеседі:

1. Диссертацияның 3 бетінде 1,2 әдебиетке сілтеме одан кейін 10,11 бетте қайтадан 1,2 сілтеме қайталанады.

2. 89 бетте М.Бұлұтайдың «Түркілердің Ислам дінін қабылдауында, олар ұстанған ғайри діндердің рухани-матриалдық жағынан жеткілісіз болғаны,... Адам етін қанағаттандырғанмен, рухын көтере алмайтын, отқақұлды, бұтқақұлдық, аруаққа құлдық, т.т. сенім-нанымдар мен діндердің Ислам келгенше қаншалықты негізсіз екені анық болды» деген ғылыми емес пікірлерді орынсыз қолдануы ойландырады.

3. Қазақстанның ұлттық мәдениеті контекстін анықтауда жүргізілген зерттеуші сауалнамаларында «сіз өзіңізді қандай дүниетаным, діни өкіліне не конфессияға жатқызасыз» деген сауалнамаларының құрамы толық емес, мысалы қазақстандықтардың түркі мәдени дүниетанымын анықтаушы бір сала тәңірі діні екені ескерілмеген. Тәңірілік дінін зерттеген ғалым Н.Аюповтан келтірген сілтемесінде (186) ислам туралы пікірі ғана қарастырылған.

4. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі дереккөздердің рәсімделуі біркелкі талаптарға сай емес. Мысалы, 4,5,10,11, 16,18, 20, 27, 28, 31 т.с.с.

Ескертусіз, кемшіліксіз жұмыс болмайды. Зерттеу нәтижелері ізденушінің дұрыс бағытта екенін көрсетеді. Сондықтан, аталған кемшіліктерге қарамастан ізденушінің зерттеу барысында қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізді деп есептеймін. Берілген ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Л.Н.Токтарбекованың қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған және өзінің көздеген мақсатына жеткен. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық мәдениеттану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Л.Н.Токтарбекованың «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Лаура Ниязбековна Токтарбекованың «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
Т.Қ. Жүргенов атындағы
ҚазҰӨА-ның ғылыми жұмыс
жөніндегі проректоры,
философия ғылымдарының докторы,
профессор Қ.З. Халықов

Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМЕНИ Т.К. ЖУРГЕНОВА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ И УЧЕТА ПЕРСОНАЛА
РАСТАЙМЫН РУКОВОДИТЕЛЬ
ЗАВЕРЯЮ